

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 наурыздағы N 287 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы" 2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығына және "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қыркүйектегі N 993 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 21 наурыздағы
N 287 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір
шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.05.2006 N 447 қбп қаулысымен.
2. (Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.18. N 505 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
3. (Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.31. N 484 қбү Қаулысымен).
4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 13.05.2024 № 368 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.
5. "Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 мамырдағы N 743 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 19, 250-құжат):
көрсетілген қаулымен бекітілген Бірлескен және басқа да жұмыстарды орындауға байланысты мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді беру ережесінде:
9-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның" деген сөздермен ауыстырылсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК